

A large red oval with a thin blue border, centered on a white background. Inside the oval, the text "Психологияға кіріспе" is written in white, bold, serif font.

**Психологияға
кіріспе**

Сабақтың жоспары:

- 1. Психика мен психология туралы жалпы ұғым**
- 2. Психологияның салалары мен тармақтары**
- 3. Психологияның ғылыми-зерттеу әдістері**

**Психика мен
психология туралы
жалпы ұғым**

Кез-келген адам, өз тәжірибесіне сүйене отырып, қалай болғанда да қоршаған дүниені, әр түрлі заттар мен құылыстарды қабылдауға, тануға қабілетті екендігіне есеп береді.




Біздер құстардың сайрауын, музыкалық аспаптардың дыбыстарын, адамның дауысын, ұшып бара жатқан самолеттың шуын естиміз.

Біздер әр түрлі заттарды, ағаштарды, басқа адамдарды және жануарларды, машиналар мен ғимараттарды көреміз, заттардың түсі мен пішінін ажыратамыз. Біздер гүлдердің хош иісі мен бензиннің иісін сеземіз және қант пен тұздан алынған дәм түйсіктерін ешқашан шатастырмаймыз.



Әрбір адам, оқылған кітап туралы ойланудың, қиын есептің шешімін табудың, ертеңге өз іс-әрекетін жоспарлау дегеннің не екендігін біледі



Біздер таныс адамның бейнесін, оқу материалын есімізге түсіре аламыз. Өмірде қабылдамаған, мысалы тропикалық орманды немесе ертеде жойылған мамонтты елестетуге қабілеттіміз, тіпті өмірде жоқ нәрсені де қиялдай аламыз мысалы ертегі кейіпкерін, фантастикалық машинаны т.б.




Адам тек қоршаған дүниені танып қана қоймай, өзі де осы қоршаған заттар мен құбылыстарға қатынасын білдіреді. Ол қоршағанды бейтарап, салқынқанды қабылдамай, белгілі сезімдерді сезінеді: кейбір заттар мен құбылыстар оны қуантады, кейбіреулеріне селқос қарайды, үшіншілері оны қынжылтады, ал кей-кезде қорқыныш пен өшпенділік тудыртады. Жақсы кітап біздерде ләззат сезімін, адамның қасиетсіз мінез-құлқы - наразылық, ашу, жанкешті қылық – таңданыс туыртады.



Адам тек қоршаған дүниені қабылдап, оған қандайда бір қатынас білдіріп қана қоймай, бұл дүниеде әрекет етеді, өзінің белсенділігін танытады, шешім қабылдайды, мақсатқа ұмтылады, қиындықтарды жеңуде, кедергілерді жоюда ынта мен табандылық танытады, яғни **ерік іс-әрекетін жүзеге асырады.**



Ақыры, әрбір адам басқалардан ерекшеленеді: біреуі музыкаға қызығушылық танытса, екіншісі – спортқа; біреу математика саласында қабілеттер танытса, басқасы әдеби шығармашылық саласында.



**біреу қызба, ашушаң, сабырсыз, басқасы
байсалды және салмақты**



Біреу еңбекқор және қарапайым, басқасы жалқау және өркөкірек



Осының бәрі,

□ қабылдау,

□ ес,

□ ойлау,

□ қиял,

□ сезім мен ерік,

□ темперамент

**□ және мінез көріністері — адам психикасының
құбылыстары.**

**Ал психикалық
құбылыстарды
зерттейтін ғылым -
психология деп аталады**


«Психология» сөзі гректің екі сөзінен пайда болған: «*psiche*» - жан, және «*logos*» ғылым, ілім. Дәлме-дәл аударғанда, психология – адамның жан дүниесін зерттейтін ғылым.




Бастапқыда «жанды» (қазіргі кезде де идеалистердің, діни көз-қарасы бойынша) өлмейтін, өшпейтін, тәнсіз адам денесінде өмір сүріп өлген кезде ұшып кететін нәрсе деп есептеген.

Жоғарыда сипатталған психикалық құбылыстар осы «жанның» қасиеттері мен көріністері деп есептелген. Ғылымның ескі атауы, «жан» деген сөз біздің тілде де сақталған, алайда басқа мазмұнда: «жан құбылыстары» дегеніміз психикалық құбылыстар болып түсіндірілсе, «жан» деген сөз адамның психикасын, оның ми іс-әрекетінің өнімін білдіреді.






Ертедегі гректің данышпан ғалымы Аристотель өзінің "Жан туралы" атты еңбегінде алғаш рет психикалық құбылыстарға жүйелі талдау жасаған.



**Арситотель б.э.д.
384-322 ж.
өмір сүрген**

Екінші жағынан, психикалық құбылыстарды және оның заңдылықтарын ғылыми эксперименталды тұрғыда зерттеу шын мәнінде XIX ғ. ортасынан бастап, қалыптаса бастады.



**1879 жылы неміс ғалымы
В.Вундт Лейпцигте
тұңғыш лаборатория
ұйымдастырды. Мұның
өзі психологияның
философия қойнауынан
бөлініп шығып, дербес
эксперименттік ғылым
ретінде дамуына себепкер
болды**



В. Вундт (1832-1920)

2 кезең

**Психология сана
туралы ғылым
ретінде**

XVII-ғасырда жаратылыстану ғылымдарының дамуымен байланысты. Ойлану, сезіну, тілек білдіру қабілеттері сана деп есептелген. Зерттеудің негізгі әдісі - адамның өзін-өзі бақылап (интроспекция), оны сипаттау болған.

1 кезең

**Психология жан
туралы ғылым
ретінде**

Мұндай анықтама бұдан 2000 жылдай бұрын берілген. Ежелгі адамзат жан бар деген ұғыммен өзіне түсініксіз құбылыстардың бәрін түсіндіруге тырысқан.

4 кезең


Психология психиканың фактілерін, заңдылықтарын және механизмдерін зерттейтін ғылым ретінде

Дүниеге материалистік көз-қарастың негізінде қалыптасқан

3 кезең

Психология мінез-құлық туралы ғылым ретінде

XX ғасырда пайда болды. Психологияның міндеті - тікелей көруге болатындарды, яғни адамның мінез-құлқын, қылықтарын, реакцияларын бақылау б.т. Алайда оларға себепші болған мотивтер ескерілген жоқ.



**Психология
ҒЫЛЫМЫНЫҢ
зерттеу нысаны
болып Адам
табылады**

Адам психиканың байқалуы өте алуантүрлі. Және де олар бір-бірінен ажыратылып өмір сүрмей, өзара байланыста болады, бір-біріне әсер етеді. Бұл байланыс жеке психикалық көріністердің жиынтығы, қарапайым қосындысы ретінде емес, психикалық іс-әрекеттің біртұтас, бірыңғай көрінісі болып саналады.

Мысалы, бастауыш сынып оқушысының шынайы ақыл-ой іс-әрекетінде қабылдау, есте сақтау, ойлау, өзара қатты байланысқан.



Алайда адамның психикасы оның жеке көріністерінің мағынасы өшірілетіндей абсолюттік біріккен тұтастық емес. Бұл тұтастықта психиканың жеке жақтары мен көріністері сапалы түрде ерекше және оларды талдау үшін бөліп алуға болады.

Психикал
ық
үрдістер

Психикалық
қалыптар

Психикал
ық
қасиеттер

ТАНЫМДЫҚ

түйсік, қабылдау, ес,
елес, ойлау, сөйлеу,
қиял

өрлеу,
жабыранқылық,
қорқыныш,
сергектік, уайым
және т.б.

бағыттылық,
темперамент,
мінез, қабілет

ЭМОЦИОНАЛДЫҚ

қозғыштық,
қуаныш, ашу, ыза т.
б.

ЕРІК

Шешім қабылдау,
қиындықтарды жеңу,
мотивтер күресі, өз мінез-
құлқын басқару және т.б.

Психикалық
құбылыстардың құрылымы

**Психикалық үрдістер деп
психикалық іс-әрекеттің
бөлек формалары мен
түрлерін атайды**

ТАНЫМДЫҚ ПСИХИКАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Түйсік

Қабылдау

Ес, елес

Ойлау

Сөйлеу

Қиял

ЭМОЦИЈАЛЫҚ ҮРДІСТЕР

Аффектілер

Эмоциялар

Сезімдер

Кейіп

Құмарлық

Стресс

ЕРІК ҮРДІСТЕРІ

Мақсатты саналы сезіну және оған ұмтылу


Оған жету мүмкіндіктерін саналы сезіну

Мақсатқа жетуге байланысты мотивтердің пайда болуы


Мотивтер күресі және табысқа жету мүмкіндіктерін таңдау

Мүмкін болатын әрекеттер туралы шешім қабылдау


Қабылданған шешімді жүзеге асыру




**Тұлғаның психикалық
қасиеттері деп
адамның анағұрлым
елеулі және тұрақты
ерекшеліктерін
айтамыз**



**бағыттылық,
темперамент, мінез,
қабілет**



Психикалық қалып – бұл адамның біршама уақыт аралығындағы психикалық іс-әрекетінің ерекше сипаттамасы.



**өрлеу,
жабыранқылық,
қорқыныш,
сергектік, уайым
және т.б.**



Адам психикасы оның іс-әрекетінде қалыптасады, дамиды және көрініс табады. Адамның психикалық үрдістері мен психикалық қасиеттері туралы оның іс-әрекетіне бақылау жүргізу, зерттеу арқылы білуге болады. Бұл жағдайда психика мен іс-әрекеттің бірлігі туралы айтуға болады. Сол себептен психология адамдардың әртүрлі іс-әрекет түрлері мен жақтарын зерттейді (ойын, оқу, еңбек, шығармашылық)



*Сонымен, психология –
психиканың қалыптасу
және даму заңдылықтары
туралы ғылым*

Психологияны ғылым ретінде де пән ретінде де қарастыруға болады. Психологияның ғылым ретіндегі міндеті психикалық құбылыстарды ғылыми зерттеу мен ғылыми негіздеу болып табылады. Өйткені барлық психикалық құбылыстар басқа да шындықтағы құбылыстар сияқты белгілі заңдылықтарға бағынады, үстіртін қарағанда психика тұрақсыздықпен, белгісіздікпен ерекшеленіп, адамның «еркін еркіне» байланысты сияқты болып көрінуі мүмкін.

Психология оқу пәні ретінде педагогикалық оқу орындарында болашақ мұғалімдерді педагогика мен оқыту, тәрбиелеудің әдістерін психологиялық негіздеу үшін, болашақ педагогтарды өзінің және әр түрлі жастағы балалардың психологиялық өмірін ұғыну және соның негізінде өзін тәрбиелеу мен балалардың мінез-құлқы мен іс-әрекетін мақсатты түрде басқару үшін ғылыми психологияның негізгі қағидаларымен таныстыруды мақсат етіп қояды.

ПСИХОЛОГИЯНЫҢ САЛАЛАРЫ

Жалпы психология - ересек адамдардың психикалық іс-әрекетінің заңдылықтарын зерттейді



Жас ерекшелік психологиясы, психиканың әр түрлі кезеңдеріндегі психикалық ерекшеліктерін зерттейді, балалар мен әр түрлі жастағы оқушылардың психикалық ерекшеліктерін (бұл жас ерекшелігінің саласы балалар психологиясы деп аталады)



Педагогикалық психология, өскелең ұрпақты оқыту (оқыту психологиясы) мен тәрбиелеу (тәрбие психологиясы) заңдылықтарымен айналысатын психология саласы



Әлеуметтік психология, топтар және ұжымдар психологиясы мен ондағы адамдардың өзара қатынастары болып табылатын психология саласы



Еңбек психологиясы, әр түрлі еңбек іс-әрекет түрлерінің психологиялық ерекшеліктерін қарастырады (оның бір түрі — инженерлік психология — адамның еңбегін өндірістің қазіргі механикаланған және автоматтардырылған жағдайында зерттейді)



**Ғарышкерлік психология — адам психикасын
ғарышқа ұшу жағдайында зерттейтін
психологиясы саласы**



Әскери психология, әскери қызметкерлердің психикалық іс-әрекетімен, соғыс немесе әскери жағдайда адамның мінез-құлығымен істес болатын психология саласы



Спорт психологиясы, спорттық іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыру заңдылықтарын және спортшыларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін психология саласы



Арнаулы психология - бұл адам дамуының бірқалыпты даму жолынан ауытқуын, ми ауруына ұшырағандардың психикалық күйзелістері мен осы саладағы әр қилы аурулардың себептерін қарастырады



**Олигофренопсихология — ми зақымы
ауруымен туған адам психологиясының дамуын
зерттейді**



Сурдопсихология – саңырау не керен болып туған балалардың психикасын зерттейді



Тифлопсихология – нашар көретіндер мен соқырлардың психологиялық дамуын зерттейді



Патопсихология – психиканың зиянды бұзылыстарын зерттейтін психология саласы



Зоопсихология - жануарлар психикасын
зерттейтін ғылым



Психологияның ғылыми зерттеу әдістері

Психологияның ғылыми-зерттеу әдістері

негізгі

бақылау

кесінді (қысқа мерзімді)

лонгитюдты (ұзақ мерзімді)

жасырынды

кірістірілген

жаппай

ішінара

қосалқы

эксперимент

лабораториялық

табиғи

психологиялық-педагогикалық

анықтаушы

қалыптастырушы

бақылаушы

қосалқы әдістер

тест (сынақ)

іс-әрекет өнімдерін
талдау

еңбек
ойын
оқу

әңгіме

интервью

анкета

өмірбаян

әлеуметтік өлшем
(социометрия)

егіздер

егіздер жұбы

ажыратылған
егіздер әдісі

Бақылау - белгілі жоспар бойынша жүйелі түрде біраз уақыт бойына зерттелуші адамның психикалық ерекшеліктерін қадағалауды байқау әдісі деп атайды.

Бақылау әдісі арқылы адамның барлық психикалық құбылыстарын зерттеуге болады.

Мысалы: ым-ишарасын, қимыл-қозғалысын, мінез-құлқын, сөз реакцияларын, темпераментін т.б.



Қысқа мерзімді бақылауда әдетте барлық балаға бір жағдай туғызылып, олардың мінез-қылығы, эмоциялық реакциялары салыстырылады.

Лонгитюдті (ұзақ мерзімді бақылауда) бір немесе бірнеше баланы ұзақ уақыт бойы кейбір кезде бірнеше жылдар бойы бақылайды.

Жаппай бақылау – баланың мінез-құлқындағы көптеген жақтарын қамтиды. Оның міндеті - баланың мінез-құлқының көптеген жақтарын белгілеу.

Ішінара бақылау – белгіленген жоспар бойынша бала мінез-құлығының бір ғана жағын белгілейді. Мысалы, баланың эмоциялары, тілінің дамуы т.б.

Жасырынды бақылау жүргізгенде бақылаушының фигурасы, балаға көрінбей, өзіне көңіл аудартпауы тиіс.

Кірістірілген бақылау – бақылаушы зерттелінуші топтың бір мүшесі болғанда жүзеге асырылады.

Эксперимент —

психологиялық деректер анықталатын шартарды жасау мақсатында зерттелінушінің іс-әрекетіне белсенді түрде араласу




Лабораториялық

- арнайы жабдықталған зертханаларда өтеді, арнайы құрал-жабдықтар пайдаланылады, зерттелінушінің әрекеттері нұсқаулармен анықталады.



Табиғы – зерттеуші керек құбылысты табиғы жағдайда тудырып отырады. Әртүрлі жас кезеңінің танымдық мүмкіндіктерін зерттеу кезінде пайдаланылады.





Аудиометр – есту
түйсіну мүшесін өлшеу
үшін





CH33 Audiometer


Эргограф – денедегі
бұлшық еттерді
тіркеп отыру үшін
пайдаланылады



Хроноскоп – психикалық үрдістердің пайда болу шапшаңдығын өлшеу үшін



Эстезиометр – тері түйсіну мүшесінің сезгіштігін байқау үшін пайдаланылады



Психологиялық-педагогикалық эксперимент

– бұл педагогикалық психологияда кеңінен қолданылып, баланы оқыта (тәрбиелей) отырып зерттеуге мүмкіндік беретін табиғи эксперименттің бір түрі. Психологиялық-педагогикалық эксперименттің негізгі ерекшелігі, мақсаты зерттеу емес, белсенді түрде жеке тұлғаның психологиялық қасиеттерін өзгерту, қайта құру, қандайда бір психикалық іс-әрекетті қалыптастыру болып табылады.



Анықтаушы – белгілі қасиет пен сапаның даму деңгейін анықтау үшін пайдаланылады.

Қалыптастырушы – сәкес қасиетті қалыптастыру үшін мақсатты әрекет ету.

Бақылаушы – оқыту жұмысының нәтижелілігін анықтау үшін жүргізіледі.

Өмірбаянды зерттеу әдісі –
(күнделіктерге, өмірбаяндарға,
естеліктерге, сақталған мектеп
шығармаларына, іс-қағаздар
мен құжаттарға және т.б.
негізделген) психиканы
адамның өмірбаянын зерттеу
негізінде анықтау. Мысалы:
зерттелініп жатқан адамда
белгілі бір іс-әрекетке
бейімділік қалай қалыптасты;
өмір барысында кімдермен
кездесті және олар оның
тұлғасының қалыптасуына
қалай әсер етті; қандай
қасиеттер, қабілеттер қашан
және қалай көрінді және т.б.



Егіздер әдісі
генетикадан алынған
Ажыратылған егіздер әдісі
– психиканың
қалыптасуына ортаның
әсерін зерттеу үшін
арналған. Егіздер жұбы
әдісі – жұпаралық
ұқсастықты салыстыру
үшін арналған.



Іс-әрекет өнімдерін зерттеу. Психологиялық іс-әрекет нәтижелерінің фактілерін жинап талдау. Ойын, оқу, еңбек іс-әрекеттерінің өнімдерін зерттеу.



**Әлеуметтік
(социометрия)**

тұлғааралық қатынастарды зерттейді. Бұл әдісті балалар топтары мен ұжымдарын, олардың бағытын, ұжым, топ ішіндегі қатынастарды, ұжымның ішіндегі микротоптарды, ұжымдағы жеке мүшелердің алатын орнын (беделді, беделсіз, оқшауланған т.б.) зерттеу үшін пайдаланады.

**өлшеу
әдісі**





Әңгіме – зерттелінушіден тура немесе жанама, ауызша немесе жазбаша түрде оның іс-әрекеті туралы мәлімет алудың психологиялық әдісі болып табылады. Әңгіме – арнайы бағдарлама бойынша фактілерді жеке қарым-қатынас жасау барысында жинақтау. Анкета – арнайы бағдарлама бойынша фактілерді жазбаша сұрау барысында жинақтау.

Өзін-өзі бақылау
(интроспекция) — дегеніміз
адамның өз-өзінде белгілі бір
психикалық үрдістер мен
сезімдеріне бақылау жасауы
және суреттеуі

